

«Таным» клубы - Гуманитарлық факультеті философия кафедрасының жанынан құрылған студенттік клуб. Клуб бұған дейін аталған кафедрада жұмыс істеген «Даналық» клубын қайта атау негізінде құрылған. Яғни, клубтың атауы жаңа болғанымен, «ДАНАЛЫҚ» клубының жұмысын жалғастырады.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

-өзін-өзі тану бағытында университет студенттерімен философиялық тақырыптарға пікірталас, сұхбат, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру. Студенттердің сын тұрғысынан ойлау, пайымдау, дұрыс шешім қабылдау қабілеттерін дамыту.

-студенттер бойында сыни, логикалық, аналитикалық, өздік ойлау, қабілеттерін дамыту;

-әлемдік адами-этикалық құндылықтарға баулу;

-өмірдегі күнделікті мәселелерді шешудің дұрыс жолын табу үшін студенттердің философиялық ой-санасын қалыптастыру;

-философиялық және өзін-өзі тану мәселелері бойынша өз пікірлерін ашық айтып, ой-толғаныстарын аудиторияға жеткізе білуге үйрету;

-шешендік өнерге дағдыландыру;

-интеллектуалды студенттер ортасын қалыптастыру.

Клуб мүшелерінің ұйыдастыруымен «Ислам: береке мен бірлік негізі», «Қазақтың тілі-қазақтың намысы» атты тақырыбында студенттермен дөңгелек үстел, ҰҒА академигі Ғ.Есіммен кездесу кешін, «Ата-баба дәстүрін сақтау–ұрпақ парызы» атты тақырыпта наурыз мерекесіне орайластырылған мерекелік шараны, «Абайдың қара сөздерінің ғибраты» атты Абайдың қара сөздерін мәнерлеп оқудан университет студенттерінің арасында байқау өткізді.

Клуб құрамында қазіргі таңда 59 студент бар.

Клубтың жетекшісі – философия кафедрасының оқытушысы Н.Құлымжанов.



